

## **Астана қаласы бойынша жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдалану үшін төлемақы ставкаларын бекіту туралы**

Астана қаласы мәслихатының 2018 жылғы 12 желтоқсандағы № 340/42-VI шешімі. Астана қаласының Әділет департаментінде 2019 жылғы 4 ақпанда № 1203 болып тіркелді

Астана қаласы әкімдігінің ұсынған материалдарын қарап, Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексінің 38-бабы 5)-тармағына және Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Кодексінің 569-бабын, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 5-тармағына сәйкес, Астана қаласының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қосымшаға сәйкес Астана қаласы бойынша жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдалану үшін төлемақы ставкалары қоса бекітілсін.

2. Астана қаласы мәслихатының шешімдері күшін жойды деп танылсын:

2009 жылғы 21 желтоқсандағы №286/42-IV "Су ресурстарын үстіңгі көздерден пайдалануға төлем ставкаларын бекіту туралы" шешімінің (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 612 болып тіркелген, "Астана ақшамы", "Вечерняя Астана" газеттерінде 2010 жылғы 30 қаңтарда жарияланған);

2015 жылғы 24 маусымдағы № 383/54-V "Су ресурстарын үстіңгі көздерден пайдалануға төлем ставкаларын бекіту туралы" Астана қаласы мәслихатының 2009 жылғы 21 желтоқсандағы № 286/42-IV шешіміне өзгеріс енгізу туралы" шешімінің (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 929 болып тіркелген, "Астана ақшамы", "Вечерняя Астана" газеттерінде 2015 жылғы 1 тамызда жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі

*Астана қаласы мәслихаты  
сессиясының төрағасы  
Астана қаласы  
мәслихатының хатшысы*

*Е. Сыдықов*

*Ж. Нұрпейісов*

Астана қаласы мәслихатының  
2018 жылғы 12 желтоқсандағы  
№ 340/42-VI шешіміне  
қосымша

**2017 жылғы инфляция коэффициентін (бірлікке келтірілген) ескеруімен есептелген Астана қаласы бойынша жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдалану үшін төлемақы ставкалары**

Арнайы су пайдалану түрі	Тұрғын-үй пайдалану және коммунал-дық қызметтер (теңге/1000 тек.м)	Өнеркәсіп, жылу энергетикасын қоса есептегенде (теңге/1000 тек.м)	Ауыл шаруашылығы (теңге/1000 тек.м)	Су көздерінен су алуды жүзеге асыратын тоған шаруашылықтары (теңге/1000 тек.м)	Гидроэнергетика (теңге/1000 кВт/сағ)	Су көлігі (теңге/1000 т/км)
Өзен бассейндері						
1. Есіл өзенінің бассейні	118,13	327,27	92,95	92,95	32,92	9,68
2. Нұра өзенінің бассейні	131,68	375,68	108,44	102,63	—	—

Ескерту: нормативтік ставкалар жыл сайын ағымдағы жылдың инфляция деңгейіне катысты индекстеледі.